

БҰЛБҰЛ КҮЛӘШ



Ұлы Октябрь революциясы жеңіп, бақыт таңы нұрын шашты. Жаңа заман халық бойындағы асыл өнерді балапандай өрбітті. Сол Октябрь ұясынан ұшқан балапандардың бірі – қанатын кең жайып қалықтап ұшып, қазақ әндерін әлемге танытқан қазақ халқының бұлбұлы, сахна шебері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР-дің халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Ленин орденді Күләш Жанысқызы Байсейітова еді.

Бұрынғы Верный қаласының қараңғы көшелерінің бірінде шағын шаруасы бар Жаныс қарттың семьясында өскен жас қыз Күләш өсе келе өнерге үйір болды. 1925 жылы оқу-ағарту институтында жүргенде музыкалық және драмалық үйірмелерге үзбей қатысып жүрді. Осы кездерде Алматы тұрғындары Жетісуда шығатын губерниялық «Тілші» газетінен: «Орион» (кейінгі «Алатау» кинотеатры) клубында бүгін жұмысшы жастар көркемөнерпаздарының концерті болады. Концертте Күләш қарындас ән салады, Қанабек, Манарбек інішектер домбырамен ән-күй орындайды, Шара қарындас ән салып, би билейді» деген хабарларды жиі оқитын.

1928 жылы Қызылордадан Алматыға Қазақтың драма театры көшіп келді. Қазақ қыздарының ішіндегі театр өміріне, искусствосына бірінші бой ұрған алғашқы қарлығашы Күләш Қазақ драма театрының артисткасы болып қызметке кірді. Драма театрының сахнасында қызмет еткен төрт жылдың ішінде Күләш сексенге жақын образдар жасады. Мұның өзі артистканың болашағын айқындап, оның драмалық ойынымен қатар музыкалық дарыны біліне бастады.

Күләштің музыкалық дарынын алғаш танытқан Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасының сахнаға қойылуы болды. Осы пьесадағы Еңлік рөлін атқарған Күләш көрушіні сахналық шебер ойынымен ұйытып, еркін даусымен елжіретті.

1933 жылы қазақ искусствосы мен мәдени өміріндегі үлкен жаңалық – музыкалы жаңа театр ашылды. Күләш творчествосының өсуі театр өмірімен байланысты да, театр репертуарының жандануы Күләш есімімен байланысты болды.

Күләштің алдында жауапты да қызықты міндет тұрды. Елдің жалықпай тыңдап, ерінбей көретін Жібек образын Күләштің аяулы шығарғаны сонша –

«Қыз Жібек» операсы қойылғаннан кейін халық аузында Күләш десе Жібек, Жібек десе Күләш, «Гэкку» әні жүрді.

Қазақстанның өскен музыкасы мен әдебиетінің Москвада өткен бірінші онкүндігінде көрсетілген «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» операларында қатысып, саңлақ даусымен танылған Күләш жайында «Правда» газеті:

«Үлкен талант иесі, оның сахнадағы қимыл-әрекеті, әсерлі әндері зрительді сендіргендігі сонша – тыңдаушы халық қазақ тілін түсінбесе де оқиганың желісін, түйінді кезеңдерін түгелдей түсініп отырды», – деп жазса, СССР-дің халық артисткасы Валерия Владимировна Барсова: «Мен де көптеген жолдастарым сияқты Күләш Байсейітовамен жақында, Қазақ искусствосының онкүндігінде таныстым. Шындығын айту керек, жас әнші маған өте үлкен әсер етті... Мен оған тең, оған нар келетін әншіні атай алмас едім, қазақ әншісінің өте серпінді әрі жеңіл, ақаусыз ашық даусы өзгелерден айрықша, ешкімнің әуезіне ұқсамайды. Бұл дауыстың күміс тембрі, расында да сайраған сандуғаш үнінен айнамайды. Күләш Байсейітова қазақ бұлбұлы деген атты қалтқысыз, ешбір дауы жоқ лайықты алған. Күләш Байсейітова – тек қазақ искусствосы емес, бүкіл совет искусствосының мақтанышы. Байсейітованы «артистка» деп сөз етсек, оның сүйкімді сипаты көрушілерге зор әсер беретіндігін айту керек», – деп жазды.

Сахнада образды қалай жасау, әсіресе Жібек образын жасау туралы мақаласында Күләш былай дейді:

«...Міне, көркем табиғат. Бурабайдың күміс көлі. Оқжетпестің қасындағы жартастың үстіне шығып Қыз Жібек тұрса... Көл бетіндегі сайраған құстардың үнімен үн қосса, әсем дауыс көлдің бетін қақ айырып арғы жағындағы жартас, орманды тоғайларға барып сіңіп жатса, сол кезде «Гэккудің» толқыған қайырмасына тоғай ішіндегі сайраған бұлбұл қосылса, осы үндерден не шығар еді?! Әрине, сахнада сол сияқты өмірдің сұлу үнін көрушіге беретін шеберліктің құшақ жетпейтін бір түрлері көрінер еді. Сол кезде «шіркін, осы ойымды халыққа – көруші зрительге жеткізе алмаймын-ау!» деген қобалжу, асығыстық бойымды буды.

Қыз Жібектің образын ізденуімде екінші бір қорек болған үлкен нәрсе – өз халқымның ән-күй творчествосы. Халық композиторлары – Біржан, Балуан Шолақ, Ақан сері, Мұхит, Жаяу Мұса, Естай әндерінің лирикалық толғауы терең, үндері жарқын, мазмұны құнды. Осылардың негізінде қазақтың алғашқы қойылған драмалық операларынан бастап, сюжетті оқиғаға толы, мазмұны тұтас, мағынасы кең көптеген шығармалар туды. Образға сай ән ария іріктеліп алынды. Жібектің сипатына, жан сезіміне «Гэкку» әні үйлесе кетті.

Ақжүніс образы Қыз Жібекке қарама-қарсы. Ханның ерке мінезді, сиқырлы, арамза, қызғаншақ, тәкаппар қызы. Бұл образды «Қыз Жібектей» халық поэзиясының лирикалық толғауынан, әсем сазды музыкалық үндерінен іздегенім жоқ. Сол замандағы жоғарғы қанаушы таптың тұрмысынан іздедім.

Әдетте теріс мінезді ойнау актерге жеңіл сияқты болса да, теріс мінезді адамның ішкі жан сыры мен сыртқы құбылысын көңілдегідей қатар алып жүру – өте қиын. Кейбір актерлер теріс қылықты адамның рөлін ойнағанда бірыңғай сарынмен кетеді. Жалт-жұлт қимыл, бет-аузын қалай болса солай қисандатып,

тыжыраңдатып жөнсіз күлдірлену, адамда болатын тағы басқа мінездерді орынсыз, сенімсіз істейді».

Бұл – СССР-дің халық артисткасы Күләш Байсейітованың, сахна шеберінің ойы, шын пікірі. Күләш тек Қыз Жібек рөлін ойнағанда немесе Ақжүніс образын жасағанда емес, барлық рөлдердің психологиясын осылай етіп көрсететін.

Өткен ғасырда Абай арқылы қазақ даласына келген Татьяна қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында 1946 жылы қойылғанда, Белинский атаған «Орыс өмірінің энциклопедиясы – «Евгений Онегиндегі» сол Татьянаны да қазақ жұртшылығына өз тілінде жеткізген Күләш болатын. «Татьяна бейнесін жасауым – ол қуанышты еңбек, – деп жазған еді Күләш. – Өйткені, ол – менің ұлы орыс елінің алтын қазынасына енудегі бірінші еңбегім. Мен кемеңгер Пушкин мен Чайковскийдің ұлы мұрасын, ұлы кейіпкерлерін өз тілімде, өз үніммен өз елімнің алдында шырқауды мақтаныш етемін!»

Күләш жасаған ойдан кетпес образдың бірі – композиторлар А.Жұбанов пен Л.Хамидидің М.Әуезовтің либреттосына жазған «Абай» операсындағы Ажар. Тар заманда қасірет шеккен адал жан (Ажар) болған іске бас иіп отырмай, бірбеткей, қайсар қазақ қызының портретін көрсетті.

«Күләш бұл жолы да Абай заманының, Абай бастаған ақындар тобындағы өзгеден ерекше жанды, қазақтың аяулы қызының бейнесін айнытпай жасап берді» (Ғ.Мүсірепов).

Опера және балет театрында Мұқан Төлебаевтің Қажым Жұмалиев либреттосына жазған «Біржан-Сара» операсы жүріп жатыр. Қоянды жәрмеңкесінің қызған ортасына, Біржан сал тұрған той-думанның үстіне ақ желек, кәмшат бөрік киген, оң қолына тобылғы сап жіңішке өрім қызыл қамшы, сол қолына жібек баулы шешен домбыра ұстаған – Сара – Күләш келіп, күміс тұрманды торы бестіден түспей-ақ ән шырқайды:

Арқаның атышулы ардагері,
Шайқасса, шықсын былай Біржан сері!
Найманның жел жетпеген сандағына,
Ере алмай біразырақ шықсын тері.

Күләштің сахнадағы осы кездегі жүріс-тұрысын көзі көрген жанның қайсысы ұмытар! Ақын Сараның айнымас бейнесін жасағаны үшін Күләш Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атаққа ие болды.

Опера сахнасында Күләш бұлардан өзге «Жалбырдағы» – таза жанды, адал ниетті Хадиша, «Гвардия, алға!» операсындағы – ержүрек Сайра, «Терең көл» операсындағы – Науша, «Бекеттегі» – Зере, «Алтын астықтағы» – Айша, «Амангелдідегі» – Бану, «Төлеген Тоқтаров» операсында – Люба, итальян композиторы Пуччинидің «Чио-Чио-сан» операсындағы – Баттерфляй, татар композиторы Жигановтың «Алтыншаш» операсындағы Алтыншаш, тағы басқа көптеген өзіндік неше алуан сырлары бар рөлдерді орындады.

Күләш Байсейітованы Ленин орденді Советтік Қазақстанның еңбекшілері, ұлан-байтақ Отанымыз, көптеген халық демократия елдері сирек кездесетін талантты әнші, ұлы актер, белгілі қоғам қайраткері ретінде таниды. 1938 жылдан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, бейбітшілікті жақтаушылардың Советтік комитетінің мүшесі еді. Осы қызметімен 1952 жылы демократиялық Польшада бейбітшілікті қорғаушылардың Дүниежүзілік екінші конгресінің жұмысына қатысты. Қазақ көркемөнер қайраткерлерін алып, Ұлы Қытай Халық Республикасының Синьцзян еліне барып қайтты. Моңғол Халық Республикасының 30 жылдық мерекесіне СССР-дан барған делегаттардың бірі – біздің бұлбұл Күләш болды.

Опера сахнасының көркі, дарынды Күләш әнімен астасып, күйімен сырласты. Күләш орындайтын «Шилі өзен қамыс-ай, бізді ойлай жүр таныс-ай», «Ахау керім», «Бұлбұл», «Гүл бақшада», атақты «Гэкку», «Қазақ вальсімен» қатар оның репертуарынан орын алған Совет Одағы халықтарының әндерін: орыстың халық әні «Қоңырауды», украинның халық әні «Ганзаны», беларусьтің халық әні «А, у полі вярба», армянның халық әні «Қарлығашты», сондай-ақ қалың демократия елдерінен поляктың халық әні «Қыз келедіні», чех әні «Малшыны» тағы басқа көптеген әндерді кім сүйсіне тыңдамады?!

Бұл әндер Қазақ бұлбұлының орындауында қайда шырқалмады! Москва мен Ленинград, Киев пен Минск, Вильнюс, Каунас, Рига, Фрунзе, Ташкент, Прага, Варшава, Ұлан-Батор...

Жеке ән айтудағы еңбегі үшін 1947 жылы Күләшқа Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атақ берілді.

Совет искусствосының ардақты өкілі Күләш есімі – ұмытылмас есім. Ол есімді совет халқы әрқашан да мақтанышпен атайды. Күләш үні, шырқалған әні жер шарының о шеті мен бұ шетіне сөнбейтін жұлдыздай қалықтап, ұшып жүрмек!

Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 91-95 б. (қазақша, орысша)